



Кемір әлеуетті-кенді торабы (объект геологиялық барлаудың бастапқы кезеңінде)

Орналасқан жері

Кемір әлеуетті-кенді торабы Оңтүстік Қазақстанда орналасқан. Ең жақын маңдағы елді мекен - Ақбақай ауылы объектіден батысқа қарай 50 км қашықтықта. Оңтүстік-шығысқа қарай 60 км жерде теміржол станциясы бар.



Бағалы компоненттері

Бағалы компоненттері: Cu, Au, Ag, Bi, Mo, Pb, Zn и W.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт

Қазіргі уақытта геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт 6 жылдық мерзімге жасалған. Жазылу бонусы төленген. Жұмыс бағдарламасы 2 жылдың ішінде толық көлемде орындалады. Геологиялық телім ауданы 465.28 км² құрайды.

Инвестициялардың нысаналы мақсаты

Жобаны дамыту үшін бірлескен кәсіпорын бойынша әлеуетті серіктесті іздестіру.

Кемір алаңының инвестициялық тартымдылығы

- Алаң шегінде әртүрлі металдар ресурстарының өсімінің геологиялық-геофизикалық болжамдары қолайлы болып табылады;
- Кемір кен орнында мыс пен ілеспе компоненттер ресурстарының көбею әлеуеті жоғары



Жобаның қысқаша сипаттамасы

Минералданудың басым бөлігі қарқынды қайталама өзгерістерге, болжам бойынша гумбеиттер мен аргиллизиттерге алып келетін желі-штокверк аймақтарында байқалады. Мыс-порфир типті висмуты бар мыс-кен объектілері табылуы мүмкін.

Кемір кен орны кокдомбак кешені гранодиориттерінің Акманглай массивінің шегінде, оның девон эффузивті-пирокластикалық жыныстарымен байланысқан жеріне жақын орналасқан. Кенді алаң солтүстік-батыс бағытына қарай 1,5-2 км енімен 6 км созылған. Оны солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс жарықтары бақылайды. Негізінен, гранодиориттерден және граносиениттерден, кей жерлерде ұсақ түйірлі порфир тәрізді гранодиориттердің шағын (1-2,1x1,3-0,95 км) денелері жарып шыққан диориттер мен порфир тәрізді габбро-диориттердің ұсақ денелерінен құралады.

Микрожарықтар бойындағы сеппелер, өзектер және үлдірлер түріндегі кенді минералдану пириттен, халькопириттен, борниттен, ковеллиннен, висмутиннен, сирек жағдайда молибдениттен, кейде сфалериттен, галениттен, арсенопириттен, кей жағдайда таза алтыннан құралады. 20-40 м тереңдікке дейін созылған тотығу аймағында лимонит, малахит, хризоколла, азурит, базобисмутит және скородит кездеседі. Біліністе ұзақтығы 1-3,5 км, ені 1,5 км дейінгі үш солтүстік-батыс кенді аймағы бөліп шығарылған. Олардың ішінде 100-300 м дейінгі тереңдіктерде ұзындығы алғашқы ондаған метрден бастап 300-400 м дейін, қалыңдығы 0,5-1 м бастап 4,5-29 м дейін 40 астам кенді дене аршылған.

Мөлшерлері бойынша: мыс 0,1-0,5% бастап 3,48% дейін, висмут 0,1-0,3%, сирек жағдайда 0,48-1,0%; молибден 0,01-0,03% дейін, күміс 3-10 г/т, сирек жағдайда 65,3 г/т дейін; алтын 0,2-5,5 г/т, күшән 1-2,4% дейін, қорғасын 0,15-0,5% дейін, мырыш 0,8% дейін, вольфрам 0,03% дейін, бор 0,6-2,8% дейін, фосфордың бес тотығы 0,39% дейін.

P₁ санаты бойынша 300 м тереңдікке дейін есептелген болжамдық ресурстар: мыс 0,7 млн. тонна, висмут - 6 мың тоннаны құрайды. Бүкіл кенді алаңдағы мыстың болжамдық ресурстары P₂ санаты бойынша 500 м тереңдікке дейін 7 млн. тонна деп бағаланған.

Қорлар және ресурстар

Қорлар мен ресурстар бойынша шолу кестесі:

	Cu, мың т	Cu мөлшері, %	Bi, мың т	Bi мөлшері, %
P ₁	700	0,3-3,48	6	0,1-0,3
P ₂	7 000			



Байланыс деректері:

Каменский Николай Геннадьевич

*«Два Кей» ЖШС
Бас директоры*

Ұялы тел. +7 777 910 22 83
E-mail: nik.kamenskiy@2k.kz

Сайдуакасов Мурат Ашметович

*«Два Кей»
ЖШС кеңесшісі*

Ұялы тел. +7 701 538 96
88 E-mail: murat@2k.kz

«Два Кей» ЖШС
Алматы қ., Қазақстан
Республикасы, Тілендиев көш.,
258 «В»
Тел. +7 727/ 376 62 60
E-mail: info@2k.kz